

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының медальдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 шілдедегі N 1157 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 155 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.09.30 N 155 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы қызметтің беделін көтеру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мынадай медальдары тағайындалсын:

- 1) "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін";
- 2) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері";
- 3) I, II, III дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін".

2. Осы Жарлықтың 1-тармағында санамаланған Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары медальдарының сипаттамалары бекітілсін.

3. Осы Жарлықтың 1-тармағында санамаланған Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары медальдарымен наградтау ережелері бекітілсін.

4. Осы Жарлықтың 1-тармағында санамаланған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының медальдарына куәліктердің сипаттамалары мен үлгілері бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының медальдары мен оларға куәліктерді дайындау жөніндегі шығыстар мемлекеттік бюджетте Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын ұстауға көзделетін қаражат есебінен және шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

N

1 1 5 7

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

"Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалінің сипаттамасы

"Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалі жезден жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік е л т а ң б а с ы о р н а л а с қ а н .

Медальдің тыс жағының ортасында "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" деген жазу жазылған.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар шығыңқы. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л г е н .

Медаль құлақша және шығыршықтың көмегімен жібек муар лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты қалыпқа жалғанады. Лентаның ортасында ені 3 мм екі қызыл жолақ, олардың ортасында ені 2 мм көгілдір жолақ, қызыл жолақтардың жиектерінде ені 8 мм көгілдір жолақтар орналасады. Лентаның жиектерінде ені 3 мм сары жолақтар бар. Лентаның ені - 3 0 м м .

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Медальдің эскизі қоса беріліп отыр.

Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін
(қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 ш і л д е д е г і
N 1 1 5 7 Ж а р л ы ғ ы м е н
бекітілген

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалінің сипаттамасы

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалі жезден жасалады және жеті бұрышты рельефті шығыңқы жұлдыз нысанында болады. Жұлдыздың ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының элементтері: сәуле шашқан күн және оның астында қалықтаған бүркіт бейнеленген дөңгелек шығыңқы қалқан орналасқан. Қалқан лавр бұтақтарынан жасалған гүлдестемен жиектелген. Жұлдыздың төменгі жағында бұтақтардың үстінен "ІІМ" деген аббревиатура жазылған эмальданған қызыл лента орналасқан . Қалқанның реңі мөлдір көгілдір эмальмен боялған. Әріптерге, Мемлекеттік тудың элементтеріне, лавр жапырақтарына және қалқанның ернеуіне алтын

ж а л а т ы л ғ а н .

Медальдің тыс жағының ортасында "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" деген жазу, төменгі жағында "25 жыл" деген жазу о р н а л а с қ а н .

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар шығыңқы.

Жұлдыздың қарама-қарсы ұштары арасындағы медаль мөлшері - 37 мм.

Медаль құлақша және шығыршықтың көмегімен жібек муар лентамен қапталған ені 30 мм әрі биіктігі 50 мм бес бұрышты қалыпқа жалғанады. Лентаның ортасында ені 17 мм көгілдір жолақ, лентаның оң жиегінде ені 1 мм үш қара жолақпен кезектескен ені 1 мм төрт сары жолақ орналасады. Лентаның сол жиегінде арасында ені 2 мм көгілдір жолағы бар ені 3 мм және 1 мм екі сары жолақ орналасады. Лентаның ені - 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Медальдің эскизі қоса беріліп отыр.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының ардагері
(қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 ш і л д е д е г і
N 1 1 5 7 Ж а р л ы ғ ы м е н
бекітілген

I, II, III дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшінші медалінің сипаттамасы

I дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі жезден жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылыш бейнесі жоқ эмблемасы орналасқан. Медальдің жоғарғы жағында эмблеманың үстінде бес бұрышты жұлдыз, эмблеманың астында "ІІМ" деген аббревиатура орналасқан.

Медальдің тыс жағының ортасында "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" деген жазу, төменгі жағында "20 жыл" деген жазу орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар шығыңқы. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л г е н .

Медаль құлақша және шығыршықтың көмегімен жібек муар лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты қалыпқа жалғанады. Лентаның жиектерінде ені 7 мм көгілдір жолақтар, лентаның ортасында арасында ені 6 мм сары жолағы бар ені 5 мм екі қызыл жолақ орналасады.

Л е н т а н ы ң е н і - 3 0 м м .

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

II дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі мельхиордан жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің бетке жағының ортасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылыш бейнесі жоқ эмблемасы орналасқан. Медальдің жоғарғы жағында эмблеманың үстінде бес бұрышты жұлдыз, эмблеманың астында "ІІМ" деген аббревиатура орналасқан. Эмблемаға, жазуға және жұлдызға алтын ж а л а т ы л ғ а н .

Медальдің тыс жағының ортасында "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" деген жазу, төменгі жағында "15 жыл" деген жазу орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар шығыңқы. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л г е н .

Медаль құлақша және шығыршықтың көмегімен жібек муар лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты қалыпқа жалғанады. Лентаның жиектерінде ені 7 мм көгілдір жолақтар орналасады, лентаның ортасында шеткілерінің ені 4 мм, ортаңғысының ені 2 мм үш қызыл жолақпен кезектескен ені 3 мм екі сары жолақ орналасады. Лентаның ені - 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

III дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі мельхиордан жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылыш бейнесі жоқ эмблемасы орналасқан. Медальдің жоғарғы жағында эмблеманың үстінде бес бұрышты жұлдыз, эмблеманың астында "ІІМ" деген аббревиатура орналасқан.

Медальдің тыс жағының ортасында "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" деген жазу, төменгі жағына "10 жыл" деген жазу орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар шығыңқы. Медальдің шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л г е н .

Медаль құлақша және шығыршықтың көмегімен жібек муар лентамен қапталған ені 30 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты қалыпқа жалғанады. Лентаның жиектерінде ені 7 мм көгілдір жолақтар орналасады, лентаның ортасында шеткілерінің ені 4 мм, ал ортаңғыларының ені 1 мм төрт қызыл жолақпен кезектескен ені 2 мм үш сары жолақ орналасады. Лентаның ені - 30 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Медальдардың эскиздері қоса беріліп отыр.

Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін 20 жыл
Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін 15 жыл
Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін 10 жыл
(қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 ш і л д е д е г і
N 1 1 5 7 Ж а р л ы ғ ы м е н
бекітілген

**"Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалімен
наградтау
Ережелері**

1. "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалімен заңдылықты және құқық тәртібін қамтамасыз етуде өз қызметтік борышын үлгілі орындаған ішкі істер органдарының қызметкерлері, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғауға белсене қатысқаны және осы орайда батылдық пен жанқиярлық танытқаны үшін басқа да адамдар наградалады.

3. Медальмен наградалау туралы қолдаухаттарды берудің және қараудың тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілейді.

4. "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалімен наградалау Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің немесе оны ауыстырушы адамның б ұ й р ы ғ ы м е н жү р г і з і л е д і .

5. Медаль тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, ішкі істер органдарының, бөлімшелерінің, мекемелерінің және оқу орындарының бастықтары (к о м а н д и р л е р і) жү р г і з е д і .

6. Әрбір наградалған адамға медальді тапсырумен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қол қойған тиісті куәлік беріледі.

7. Медаль наградалған адамдарға ішкі істер органдарының, бөлімшелерінің, мекемелерінің және оқу орындарының бастықтары (командирлері) жасаған және бекіткен тізімдердің негізінде тапсырылады.

Медальдің тапсырылғандығы туралы наградалғандар тізімінде тиісті жазба ж а с а л а д ы .

8. "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалі кеуденің

сол жағына тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болғанда, солардан кейін орналасады. Аталған медальға қоса берілетін лентасы бар планка кеуденің сол жағында мемлекеттік наградалардың нышандарынан кейін орналасады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

№

1 1 5 7

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалімен наградтау Ережелері

1. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалімен қызмет бабында оң баға алған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес күнтізбелік есептеу бойынша 25 жыл және одан да көп жалпы еңбек сіңірген жылдары бар ішкі істер органдарының қызметкерлері н а г р а д т а л а д ы .

3. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалімен наградалтау туралы қолдаухаттарды берудің және қараудың тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі белгілейді.

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалімен марапаттау Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің немесе оны ауыстырушы адамның б ұ й р ы ғ ы м е н жү р г і з і л е д і .

5. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалін тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, ішкі істер органдарының, бөлімшелерінің, мекемелерінің және оқу орындарының бастықтары (командирлері) жүргізеді.

6. Әрбір наградалған адамға медальді тапсырумен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қол қойған тиісті куәлік беріледі.

7. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалі кеуденің сол жағына тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болғанда, солардан кейін орналасады. Аталған медальға қоса берілетін лентасы бар планка кеуденің сол жағында мемлекеттік наградалардың нышандарынан кейін орналасады.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы 31 шілдедегі
N 1157 Жарлығымен
бекітілген

**"Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін"
медалімен наградтау
Ережелері**

1. "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі үш дәрежеден тұрады:

I дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі - 20 жыл мінсіз қызметі үшін наградтау үшін;

II дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі - 15 жыл мінсіз қызметі үшін наградтау үшін;

III дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі - 10 жыл мінсіз қызметі үшін наградтау үшін.

I дәрежелі "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалі жоғарғы дәрежелі болып табылады.

3. "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтау төменгі дәрежеден жоғарыға қарай сатыланып жүргізіледі. Төменгі дәрежелі медальді алмағандарды одан жоғары дәрежелі медальмен наградтауға жол берілмейді.

4. "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында 10 және одан да көп жыл еңбек сіңірген, қызмет бабында оң баға алған және өздерінің қызметтік борышын үлгілі орындаған ішкі істер органдарының қызметкерлері наградталады.

"Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтау үшін мемлекеттік органдардағы еңбек сіңірген жылдарын есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Бұрынғы КСРО-ның қандай да бір дәрежелі "За безупречную службу" медалімен 1991 жылғы 16 желтоқсанға дейін наградталған қызметкерлер осындай дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтауға ұсынылмайды.

5. "Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтау туралы қолдау хат беруді ішкі істер органдарының, бөлімшелерінің, мекемелерінің және оқу орындарының бастықтары (командирлері) лауазымы

алтын

түспен

жасалған.

Куәліктердің эскиздері қоса беріліп отыр.

К у ә л і к

	Қазақстан Республикасы
тегі (фамилия)	Ішкі істер министрінің _____ жылғы
	"__" _____
а т ы (и м я)	N _____ бұйрығымен
әкесінің аты (отчество)	"Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін" медалімен наградталды
	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
1	2

Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан	от _____ года	N _____	Ерекше белгілері Особые отметки
награжден (а) медалью "Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін"	3		4

К у ә л і к

	Қазақстан Республикасы
	Ішкі істер министрінің

тегі (фамилия)		_____ жылғы
_____		"__" _____
а т ы (и м я)		_____
_____		N _____ бұйрығымен
әкесінің аты (отчество)		_____
_____		"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері" медалімен наградталды
_____		Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
1		2

Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан		Ерекше белгілері
от _____		Особые отметки
_____		N _____
_____		года
_____		_____
награжден (а) медалью "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері"		_____
3		4

К у ә л і к

_____		Қазақстан Республикасы
тегі (фамилия)		Ішкі істер министрінің
_____		_____ жылғы
_____		"__" _____
а т ы (и м я)		_____
_____		N _____ бұйрығымен
әкесінің аты (отчество)		_____
_____		III дәрежелі

		"Ішкі істер органдарындағы
		мінсіз қызметі үшін"
		медалімен наградталды
		Қазақстан Республикасының
		Ішкі істер министрі
1		2

Приказом Министра		Қазақстан Республикасы
внутренних дел		Ішкі істер министрінің
Республики Казахстан N ____		_____ жылғы
от _____		года
		" ____ "
награжден (а)		медалью
III дәрежелі		N _____ бұйрығымен
"Ішкі істер		органдарындағы
мінсіз қызметі үшін"		II дәрежелі
		"Ішкі істер органдарындағы
		мінсіз қызметі үшін"
		медалімен наградталды
		Қазақстан Республикасының
		Ішкі істер министрі
3		4

Приказом Министра		Қазақстан Республикасы
внутренних дел		Ішкі істер министрінің
Республики Казахстан N ____		_____ жылғы
от _____		года
		" ____ "
награжден (а)		медалью
II дәрежелі		N _____ бұйрығымен
"Ішкі істер		органдарындағы
мінсіз қызметі үшін"		I дәрежелі
		"Ішкі істер органдарындағы

| мінсіз қызметі үшін"
| медалімен наградталды

| Қазақстан Республикасының
| Ішкі істер министрі
|

5

6

	Приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан				Ерекше белгілері Особые отметки
от	-----		№	---	
			года		

награжден (а) медалью
I дәрежелі
"Ішкі істер органдарындағы
мінсіз қызметі үшін"

7

8
